

Қарасай ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 2 желтоқсандағы "Қарасай ауданының Қаскелең қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" № 12-1007 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Алматы облысы Қарасай ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 19 қыркүйектегі № 9-1434 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабының 8-тармағына және "Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес, Қарасай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қарасай ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 2 желтоқсандағы "Қарасай ауданының Қаскелең қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2015 жылдың 30 желтоқсанында № 3670 болып тіркелген, "Заман жаршысы" газетінде 2016 жылдың 5 ақпанында № 5 (8175) жарияланған) № 12-1007 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы Орынтайұлы Мадияр Әмірғалиевке жүктелсін.

Аудан әкімі

М. Бигелдиев